

Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде адамдардың жекелеген санаттары үшін қабылдау квотасын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 11 қараша N 1188. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 28 наурыздағы N 296 Қаулысымен.

Ескерту. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 қарашадағы N 1188 қаулысының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.03.28. N 296 Қаулысымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз).

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Кәсіптік орта және кәсіптік жоғары білім беретін білім ұйымдарына оқуға түсу кезінде бекітілген мемлекеттік білім беру тапсырысынан мынадай қабылдау квотасы белгіленсін:

1) ауыл (село) жастары арасынан шыққан азаматтар үшін ауылдың (селоның) әлеуметтік-экономикалық дамуын айқындайтын мамандықтарға - 30 пайыз;

2) Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын ұлты қазақ адамдарға - 2 пайыз;

3) I, II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедектер, мүгедек балалар үшін - 0,5 пайыз;

4) жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар үшін - 1 пайыз. < * >

Ескерту. 1-тармақ толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2004.12.06. N 1276 қаулысымен.

2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі